

"Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясының зергерлік бұйымдар және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім жасау үшін қымбат бағалы металдарды пайдалану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 31 мамыр N 580. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.05.17. N 704 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының мұқтажы үшін зергерлік бұйымдар және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім шығаруды ұлғайту мақсатында және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері" деген 1993 жылғы 1 маусымдағы N 446 қаулысының 4-тармағы негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

"Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясына "Қазалтыналмас ФЗИ"

институты алтын, күмісі бар өнімді ұқсатудың технологиясын әзірлеу жөніндегі зерттеулер жүргізуі нәтижесінде құралған

19408 грамм таза алтын

165292 грамм таза күміс

мөлшеріндегі қымбат бағалы медалды зергерлік бұйымдар және өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім жасау үшін пайдалануына рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі